

Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өнім өндіруді дамытуды мемлекеттік қолдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 шілдедегі N 1137.

Фармацевтикалық және медициналық өнімді отандық өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету, мұндай өнімнің бәсекелестік қабілетін көтеру және халық пен денсаулық сақтау мекемелерін дәрілік заттармен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен келісе отырып, бір ай мерзім ішінде:

мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің дайын дәрілік заттар мен таңу материалдарын тұтынуының жылдық көлемін анықтасын;

қажеттіліктерді аталған көлемде барынша отандық өндіріс өнімдерімен қанағаттандыру туралы ұсыныс енгізісін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қаржы министрлігімен және Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, отандық өндірісшілер ішкі нарықты молықтыруға жеткілікті көлемде өндіріп отырған импортталатын фармацевтикалық өнімге кеден бажы ставкаларын белгілеу туралы ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.10.27. N 1087 қаулысымен.

4. Этил спиртін бақылаусыз сатуға жол бермеу үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетіне Қаржы министрлігімен және Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, фармацевтикалық кәсіпорындар мен медициналық мекемелердің спиртті тұтыну көлемін анықтасын және оның пайдаланылуына бақылау орнатсын.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ресей Федерациясының 1994 жылы "Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясына берген техникалық несиесін өтеу шарттары туралы "Химфарм" Шымкент акционерлік қоғамымен жасалған шарттың жағдайларын берілген несие ресурстарын 1998 жылдың 1 шілдесінен қайтаруды бастап, 1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін қайтаруды көздей отырып, қайта қарасын.

Аталған несие бойынша проценттерді есептеу 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап тоқтатылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ